

ӘЛЕУМЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Отбасы. 2-бөлім





Дәрістің мақсаты: отбасындағы және ауқымды экономикалық жүйедегі өзгерістердің ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасы мен некедегі гендерліктің рөлдеріне қаншалықты әсер ететін қарастыру; некелесуге, ажырасуға және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа әкелетін әлеуметтік факторларды, бала туу көрсеткішінің төмендеуі, некесіз туған бала санының артуы және халықаралық деңгейде бала асырап алу деңгейінің өсуі себептерін талдау.

Негізгі термин: балалар коммодификациясы.

Некедегі рөлдер мен қарым-қатынас

Неке – күрделі гендерлік қатынас. Нормативтік-құқықтық және практикалық тұрғыдан алғанда күйеулер мен әйелдерге, аналар мен әкелерге әртүрлі міндеттер жүктеледі. Азаматтық некені енді кез келген жастағы жұптар таңдай алады. Үйленбей бірге тұратын жұптардың көбі ақырында некеге отырады, бірақ бір бөлігі кейінге қалдыруға келіседі. Үйленудің үлес салмағы азайып, азаматтық неке мен ажырасудың артуы неке институтының ыдырай бастағанын білдіреді.

Қазіргі заманғы отбасы

Жалғызбасты ана болу бұрынғыдай ұят деп саналмағандықтан, асырап алуға бала табу қиындады. Жалғызбасты аналар некесіз бала туғаны үшін масқараланса және мемлекет тапшылығын қолдау таппаса, жетімдер көбейе бермек.

Бұрынғыға қарағанда, қазіргі ерлі-зайыптылар экономикалық қысымның күштілігінен бір-бірін сирек көрді.

Қазіргі кезде балалар мен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық анағұрлым кең таралған. Гомосексуал не гетеросексуал жұп болсын ерлердің өмірлік серіктерін ұрып-соғуы әйелдерге қарағанда жиірек. Дегенмен соңғы 20 жылда зорлау жайттары азайған. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық жұптардың өз өмірін және жұбайларының әрекеттерін бақылай алмай қалғанын сезінуінен болады. Олар өздерін жұбайларының өміріне бақылау жасауға құқылы санайды.

Зерттеушілердің бағамдауынша, алғашқы некелердің 40–50%-ы ажырасумен аяқталады. Ажырасу факторларына жұптардың жас мөлшері, ата-анасының ажырасқандығы, некеге дейін балалы болуы, білімі және нәсілі кіреді. Мұндай тенденциялардың көбінің негізінде некедегілердің экономикалық тәуелсіздігі жатыр.

Балалар коммодификациясы – балаларды тауар ретінде сатып алуға мүмкіндік беретін процесс.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Отбасындағы гендерлік рөлдерді талқылаңыз.
2. Отбасылық зорлық-зомбылықтың орын алу себебін түсіндіріңіз.

Бақылау және талқылау сұрақтары

1. Некелесу деңгейінің төмендеп, ажырасу деңгейінің көтерілуінің себебі неде?
2. Жалғызбасты және баласыз өмірді таңдайтын адамдардың қатарының көбеюіне әсер еткен факторлар қандай?



Қосымша әдебиет және ақпарат көздері

1. Ритцер Дж., Степницки Дж., Әлеуметтану теориясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 856 бет.
2. Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С., Әлеуметтану негіздері. 9-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 464 б.
3. Мертон Р., Социальная теория и социальная структура. – М.: АСТ: АСТ МОСКВА: ХРАНИТЕЛЬ, 2006. – 873 с.
4. Смелзер Н., Социология. – М.: Феникс, 1994. – 688 с.
5. Hochschild A.R., Machung A., The Second Shift: Working Families and the Revolution at Home. – New York, N.Y.: Penguin Books, 2012. – 321 p.